

Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүргізетін көлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты Еуропалық келісімді қолдану жөніндегі Қазақстан Республикасының құзыретті органын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1326 қаулысы

Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүргізетін көлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты 1970 жылғы 1 шілдедегі Еуропалық келісімге (ЕСТР) қатысушы елдердің құзыретті органдарымен практикалық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасында оның талаптарын қолдануды ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүргізетін көлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты 1970 жылғы 1 шілдедегі Еуропалық келісімді (ЕСТР) қолдануға және орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың (келісім бойынша) көрсетілген Келісімнің 1-бабының f) тармағында көзделген мәселеден басқа, халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын автокөлік құралдары экипаждарының жұмысын ұйымдастыру мәселелері жөніндегі іс-қимылдарын үйлестіруге жауапты Қазақстан Республикасының құзыретті органы болып Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысын қабылданған шешім туралы хабардар етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі